

## Исатай ауданының кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы

Атырау облыстық әкімиятының 2008 жылғы 10 сәуірдегі N 84 қаулысы және Атырау облыстық мәслихатының 2008 жылғы 11 сәуірдегі N 97-IV шешімі. Атырау облыстық Әділет департаментінде 2008 жылғы 22 сәуірде N 2527 тіркелді

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы N 4200 "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 11-бабының 4-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6, 27-баптарына сәйкес, облыстық ономастикалық комиссияның 2008 жылғы 27 ақпандағы қорытындысы, Исатай аудандық мәслихатының 2008 жылғы 23 қаңтардағы N 50-IV "Ауданның кейбір әкімшілік-аумақтық бірліктерін қайта атау туралы" шешімі, Исатай аудандық әкімиятының 2008 жылғы 22 қаңтардағы N 8 қаулысы негізінде облыс әкімияты **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Исатай ауданы бойынша:

- 1) Новобогат ауылдық округі - Қамысқала ауылдық округі;
- 2) Забурын ауылдық округінің Забурын ауылы - Зинеден ауылы;
- 3) Аққыстау ауылдық округінің Гран елді мекені - Өркен елді мекені болып қайта аталсын.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - Атырау облысы әкімінің 10.10.2014 № 315 және Атырау облыстық мәслихатының 10.10.2014 № 325-V бірлескен шешімімен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі ) .

2. Осы қаулы мен шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихаттың*

*I сессиясының төрағасы*

*С. Қуанышев*

*Облыстық мәслихат хатшысы*

*Облыс әкімі*

*Б. Рысқалиев*

*Ж. Дүйсенғалиев*